| | рюзактар туралы не айтуға болады?<br>Балалардың жауаптарын нақтылауға тырысады:үлкен рюзак ауыр,ал екінші рзак жеңіл .<br>-Балалар бүгін біз заттардың салмағына қарай салыстырамыз.Біз оны анықтау үшін қолданылатын сөздермен ауыр-жеңіл танысамыз.<br>Содан соң бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуларын сұраймын.сол арқылы балалардың салмақ туралы түсінік деңгейін анықтайды.<br>**Сергіту сәті**:<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**3.Рефлексия.**<br>**Қорытынды.**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Дыбыстардың дұрыс, айқын айтылуын бекіту, есту арқылы ажырата білу.(«Менің Отаным» өлең**)**<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Берілген дыбысқа сөздерді ата»**<br>Мақсаты:Берілген дыбысқа сөз ойлап табуға үйрету.–<br>**Менің Отаным**<br>Әйнегі – күн,<br>Шатыры – аспан,<br>Кең далам асқақ.<br>Төсі толған егін, | – Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>Қарға, тоқылдақ т.б.<br>– Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы<br>айтылғанын және қандай дыбыстан басталып, қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың жуан дауысты ма, жіңішке дауысты ма, ұяң, үнді, қатаң<br>дауыссыз дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау.<br>**Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады.**<br>1. Құстың ұясын бұзба,<br>2. Ағашты сындырма.<br>3. Құстардың жұмыртқасын сындырма.<br>4. Құсқа тас лақтырма.<br>**Сергіту сәті**<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Рефлексия**.<br>**Қорытынды**.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, | жеңіл, ал металл ауыр).<br>Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті).<br>Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды).<br>Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді). **Қорытынды.**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** қазақ халқы ның мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру («Ақымақ қасқыр» ертегісі.)<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Қағып ал да жауап бер»**<br>Тәрбиеші допты лақтыру арқылы балаға сұрақ қояды , олар жауап береді .-Балалар қазір далада қандай мезгіл?<br>-Күз айларын атап беріңдерші?<br>-Қазір күздің қай айы?<br>-Бір аптада неше күн?<br>Бүгін аптаның қай күні?<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Артығын тап».<br>**Шарты**:тақтаға бірнеше сурет ілінеді,бала/р сол суреттердің ішінен артығын табулары керек.. | сөйлемін жалғастырады және сол сөзді<br>буынға бөліп созып айтады.<br>– Өзімнің үлкен бауырым ... *(а-ға)*<br>– Қыз құлағындағы әшекей ...*(сыр-ға)*<br>– Ат тұяғындағы темір ... *(та-ға)*<br>– Қап-қара құс ... (*қар-ға)*<br>– Шегені қағатын ... (*бал-ға*)<br>– Ең үздік баға ...*(бес)*<br>– Білім алатын құрал ... (*кі-тап)*<br>– Дәптерге жазатын ... (*қа-лам-сап).*<br>Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс<br>жасайды.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Қорытынды.<br>Рефлексия.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Негізгі ойды дұрыс жеткізуге. («Алғашқы қар» сурет бойынша жұмыс.)<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Сиқырлы қалта»**.<br>Мақсаты:Диалогтік сөздерді дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.<br>**Әңгімелесу.**<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінен кейін, қай жыл мезгілі? | жаңа ғана ұстап алдым.<br>(Балалар таңырқай қарайды)<br>-Ой, балалар сендерге қызық емес пе не?<br>-Дымбілмес, сен біздің балаларға ренжіме. Сен құстарды ұстауға болмайтынын білмейсің бе? Қысайтын құстарға тиіспей, оларға қамқор болу керек. Сенің қыстайтын құстар туралы білгің келе ме? Онда балалармен отырып тыңда.<br>Ұйымдастыру-ізденіс кезеңі:<br>Ертегіні әңгімелеп беру «Орман емшілері» М.Зверев.<br>Балалар алдына қыс бейнесі бар сурет беріледі.<br>Әңгімелеп отырғанда баллар құстарды тауып орналастырып отырады.<br>М.Зверев. «Орман емшілері».<br>Тоқылдақ ұшып келді де, қарағай дініне қонып, ағаш қабығын арши бастады.<br>Қабық астына зиянды көбелектер, қоңыздар ұрықтарымен қоса сау етіп төгілді. Орман шымшықтары қар үстіне келіп қонып, әлгі жәндіктерді теріп жей бастайды.<br>Тоқылдақ келесі ағашты зиянды жәндіктерден «тазарту» үшін ұшып кетті, ал шымшықтар одан бір елі қалатын емес. Осылайша олар бүкіл қыс бойына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!<br>**Сергіту сәті:**<br>Педагог балаларға "Туған өлкем " тақырыбында әңгіме құрауларын сұрайды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қажетті тыныс белгілерін қой».<br>**Ойын шарты:** Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою.<br>**Боямақ бояу.**<br>**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Өкшеде жүре білуге үйрету. (Бағанада бір-бірден жүру).<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4 Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып | өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих.настрой.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Қорытынды.**<br>**Рефлексия.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Дыбыстарын дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз «Л»-«Р» дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету..<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Таза айту»**<br>**Мақсаты:**Сөздер ді таза айтуға үйрету.<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>1 Шаңқ – шұңқ еткен үні жоқ, сусыз оның күні жоқ,<br>Жүріп кетсе соңында, қалып жатқан ізі жоқ.<br>Бұл не? (Балық)<br>2. Екі езуі құлағына жетеді,<br>Тамақ жесе ызың – ызың етеді. Бұл не? (Ара)<br>**Ойын: «Буын».** | Өткен іс әрекетте қандай ертегімен танысқан едік? Сұрақ-жауап арқылы ертегіні еске түсіру.<br>- Қасқыр туралы не айта аласыздар?<br>- Қой қандай жануар?<br>-Ешкі қандай жануар?<br>Ертегіні рөлге бөліп сомдау.<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»**<br>**Мақсаты:** Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих.настрой.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Сергіту сәті.**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Әртүрлі қарқынмен жүруге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту** | **Суретпен жұмыс.**<br>**Сергіту сәті**<br>**Ойын: «Кім не?»Зат есімдер**<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын зат есіммен байыту.<br>**Жұмбақ шешу**<br>Боямақ боу.<br>**Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері:** Ағаштардың бұтақта рын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру.(Ағаш және бұта)<br>**Әдіс-тәсілдер:**ойын,сұрақ-жауап, түсіндіру, жұппен жұмыс.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Психдайындық**<br>**Дидактикалық ойын: «Жанды.Жансыз»**<br>Балалардың назарын экрандағы күзгі көрініске аударып, сұрақтар қойылады. -Қазір қай мезгіл? -Күз екенін қайдан білдіңдер? -Күз мезгілінде неше ай бар? Тәрбиеші күздің үш кезеңге бөлінетінін айтып | тоқылдақтың арқасында тамақ асырап шығады.<br>Кенет қар бетінде қаршығаның қара көлеңкесі пайда болды. Шымшықтың біреуі қанатты жартқышты байқап қалды да, үрейлене шиқылдай жөнелді.<br>-Қашыңдар, қаршыға жақындап келеді.<br>Сол сәтте-ақ шымшық атаулы түп-түгел бұтақтардың арасына кіріп-кіріп алды, ал тоқылдақ діңгектің артына зып етті. Сары көзді қарақшы, сұм алақан қайтты.<br>Осылайша шымшықтар тоқылдақты күзетеді, ал тоқылдақ оларға жем тауып беруге көмектеседі.Сөйтіп, бәрі бірігіп жүріп орманды зиянды жәндіктерден тазартып, емдейді.<br>**Ертегіні талдау. Ойын: «Сызбаға түсіру»**<br>Тәрбиеші.<br>-Аяздан тоңбайтын құстар бір-бірімен қандай болады екен?<br>-Неге тоқылдақтың соңынан шымшықтар қалмады?<br>-Қаршығадан неге олар қорықты?<br>-Тоқылдақты қай құстар күзетіп жүреді екен?<br>-Орман емшісі деп өай құсты айтамыз?<br>-Неге?<br>-«Бірлік бар жерде тірлік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. **5.Қорытынды бөлім.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**Нан-бұл адам өміріндегі ең басты тағамның бірі екендігі және оны өсірудің өте қиын екендігі жайлы түсіндіру. Дихандардың еңбегі туралы түсінік беру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Психдайындық.**<br>**Ойын: «Сиқырлы экран»**<br>**Шарты**:Жаңа тақырыпты ноутбуктан көру.- Көктемде мына суреттегі тракторлар жерді жыртып, мынандай бидай дәнін себеді. (балаларға бидайды көрсетеміз)<br>- диханшылар жаз бойы егілген дәнді суарып, күтіп, баптайды.(дихан сөзіне түсінік беріп кетеміз)<br>- Күз болғанда жайқалып, бидай өсіп шығады. Өсіп шыққан бидайды комбайншылар орып, машиналарға салып береді.(комбайн сөзіне тоқталып кету)<br>- Көліктер оны элеваторға тасиды. Элеваторда бидайды жылдап сақтауға | **Мақсаты:**<br>Буында ажыратуға буындарды айтқызып, одан сөз құрау.<br>*Лдыбысына:* Ла – ла –ла<br>(гүл суреті)<br>Ыла – ыла – ыла<br>(жылан суреті)<br>Олол – ол (қол суреті)<br>*Р дыбысына:* ра – ра –ра (радио суреті/ Боямақ бояу.<br>**Қорытынды.**<br><br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Ұйымдастыру**<br>Псих дайындық<br>Негізгі болім<br>**Ойын:«Кім шапшаң?»**.<br>***Ән тыңдау***.<br>***Ән айту.***<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс.**<br>**Қорытынды.** | **жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4. Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>**Қорытынды бөлім.** | түсіндіреді. Ерте күз, алтын күз, қара күз 1) Ерте күз – күздің басталуы. 2) Ал алтын күз деп неге айтамыз? 3) Қара күз деп атайтын себебі: ағаштардағы жапырақтың бәрі түсіп, шөптердің бәрі қурап, жер қараяды. Балаларға таныс қайың, терек, алма ағашы, - Қазір жылдың күз мезгілі. Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтты. Үш ай қыркүйек, қазан, қараша. -Сары жапырақтар жерге түсіп айналаның бәрі алтын алқапқа айналады. итмұрын, қарақат бұталары, бақ-бақ, қызғалдақ суреттерін көрсету. -Осы суреттерді бір сөзбен қалай атауға болады? -өсімдіктер қандай табиғатқа жатады? Дәлелдеңдер. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Биік болып өседі. Балалар үш топқа бөлінеді. 1-топқа шөптесін өсімдіктің (м: қызғалдақтың) суреті беріледі. Тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлі, тұқымы анық нөміреленіп көрсетіледі. 2-топқа алма ағашының суреті беріледі (тамыры, жуан діңі, бұтағы, жапырағы, жемісі, тұқымы нөмірленіп көрсетіледі) Ағаш, бұта және шөптесін | бар» деген мақал қалай түсінесіңдер?<br>**Ойын: «Ұшты,ұшты».**<br>Тәрбиеші.<br>-Қыстап қалатын бұл құста қандай кһқиындық кездеседі?<br>-Ол қиындықтарды шешуге қалай көмектесер едіңдер?<br>**Қорытынды.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Дыбыстарын дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз «З»-«Ж» дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Сөзді анық айт» .**<br>**Мақсаты:**<br>Сөздерді толық әрі анық айтуға үйрету.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Сабы жоқ,қамшы<br>Ешкімге ұсынба.<br>Уы бар бір тамшы,<br>Тілінің ұшында<br>Жылан- ж-ж.<br>Бірінші дыбыс қандай? Ж - ж. Дұрыс.<br>Түрі жылқы бейнесі,<br>Жолақ-жолақ жейдесі<br>Зебра - з - з. Бірінші дыбыс қандай? З - з. Дұрыс! Жарайсың!<br>Бүгін З және Ж дыбыстары қонаққа келді. Ал олармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады.(элеватор сөзіне тоқталу)<br>- Қажет бидайды диірменге апарып, одан ұн жасап шығарады.(диірмен сөзіне тоқталу) Балаларға ұнды көрсетеміз.<br>- Дайын болған ұннан наубайханаларда түрлі нан өнімдерін шығарады.<br>- Міне балалар, біздің дастарханымызға нан осындай көп еңбектің арқасында келеді екен.<br>Тақтадағы ұннан жасалған өнімдер туралы суреттерге тоқталу.<br>**Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»**<br>**Ойынның шарты:** Берілген суреттердің ішінен нан өнімдеріне жатпайтын тағам түрлерін шығарып тастаулары керек.<br>Қоршаған ортамен таныстыру әліппе - дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.<br>**Дидактикалық ойын: дұрыс орналастыр.**<br>Ойынның шарты: Ұн, бидай, нан суреттері беріледі. Суреттерді нан жасалу жолдарымен дұрыс орналастыруы керек.<br>Сергіту сәті:<br>Тыйым сөздер:<br>1 Нанды бір қолмен үзбе.<br>2 Нанды, дастарханды баспа. | | | өсімдіктің мүшелері көрсетілген сурет. Осы суреттер бойынша балалар салыстыру жұмысын жүргізеді. Өсімдіктің қандай мүшелері барлығына тән екенін айтады. Содан соң айырмашылығын айтады. Ол үшін балалардың назарын ағаштың дініне аударады. -Ағаштың діні қандай? Дінінен не тарайды? Содан соң әртүрлі өсімдіктердің суреті бейнеленген карточкалар таратылады.<br>**Логикалықойын: «Әдемі гүлдер»** Шарты:Шыршаның сол жағындағы бір саңырауқұлақты қоршап, шыршаның сол жағындағы екі гүлді бояу қажет.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Ұйымдастыру**<br>Псих дайындық<br>Негізгі болім<br>Ойын:«Кім шапшаң?».<br>***Ән тыңдау*.**<br>***Ән айту.***<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс.**<br>**Қорытынды.** | бірге қоян да келіпті. Кәне,біз оған **артиккуляциялық жаттығуды қалай жасайтынымызды көрсетейік.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Жа-жа, за-за, жы-жы, зы-зы, жу-жу, зу-зу<br>Аж- аж,аз-аз,ыж-ыж,ыз-ыз,уж-уж,уз-уз<br>Енді буындар арқылы сөздер айтамыз:<br>Жа-жа-жа -жаңа за-за-за -заман<br>Жу-жу-жу -жуас зы-зы-зы-зымыран<br>Жы-жы-жы -жылқы зу-зу-зу -зула<br>Ж - З дыбысы мен әріптеріне сөздер айтқызу.<br>**Қорытынды.**<br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті:** Түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру.;<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.<br>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату..<br>**ҮІӘ барысы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3 Нанды төңкеріп тастама.<br>4 Нанды аяққа баспа.<br>Мағынасын түсіндіру.<br>Қорытынды: | | | | **Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Сергіту сәті.**<br>**Жасалу жолдарын көрсету.**<br>**Өз бетінше жұмыс.**<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>**Қорытынды.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Бағанада бір-бірден шашыраңқы жүгіруге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Сергіту сәті**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4. Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Моторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>**5.Қорытынды бөлім.** |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Картотека №26 | Картотека №26 | Картотека №27 | Картотека №27 | Картотека №28 |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Санамақ**<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Нұрәли,Әлинур** | Артикуляциялық жаттығулар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Айша,Жансая** | **. Тақпақтар жаттау.**<br>Төлеу Шаханов тақпақтары.<br>"Тиін"<br>"Аңдып тұрған жау жоқ па?"-<br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br>Тәтті-ау бірақ жаңғақ та.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Мағжан,Мұхамбет** | Жұмбақтар, жаңылтпаштарды қайталау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Әмір,Айбын** | **"Кім, қайда тұрады" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар.<br>Әртүрлі жануарлардың тобы (үйірі, отары) мен олардың үйлерінің суреттері, қарындаштар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**Еркеназ,Жансая** |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың қалауы бойынша ойша бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br>Еңбек құралдарын таныстыру. Оларды қалай қолдану керектігі туралы ойыншық құралдармен жасап көру. **(танымдық іс әрекет)** | Ұшақтар мен көліктердің қыс мезгіліне дайындығы туралы фильм көрсету, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату. **(Танымдық,зерттеу іс-әрекет )** | Егіншілердің, фермерлердің еңбегімен таныстыру. Қысқа дайындықтағы рөлін түсіндіру. Кітаптардан суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан өзінің қысқа дайындығы жайында шығармашылық жұмыс жасау<br>**(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)** | «Құстар қайтып барады» ұжымдық шығармашылық жұмыс. (мольбертте)<br>**(Шығармашылық іс-әрекеті)** |
| Балалардың үйге қайтуы. | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Сынып - 0 «а» сынып. Балалардың жасы- 5-6 жас.**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)– 24 -28 қазан 2022 ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Жоғалған зат» ойыны. Ойын барысы:Үстелдің үсті не бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұра ды. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. (Қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) | | «Сөздер тізбегі» ойыны. Ойын барысы:Балалар шеңберге отырғызылады. Бірін ші бала кез-келген бір заттың атын атай ды. Мысалы: «ірімшік». Екіншісі алдыңғы айтылған сөзді атайды да,өзі бір сөз қосып айтады. Осылайша жалғаса береді. . (Сөйлеуді дамыту,Көркем әдебиет | «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады Ойын барысы:Бұл ойынды оқушылар жұптары мен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шиінен бері леді. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі бірнеше секунд көлемін де қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырыса ды. Содан кейін оқушылар орнын ауыстырады, екіншісі көрсетеді, біріншісі қайталайды.(Математика негідері) | Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау. (Көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Шаттық шеңбері | Картотека № 33-37 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Шаттық шеңбер<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Қазақстанда тұрамыз.<br>Отанды біз сүйеміз,<br>Мақтаныш оны қыламыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру) | | Ойын<br>«Сиқырлы дорба»<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>(Сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | Санамақ<br>Сәл демалып, тыным ал.<br>Тақпақ тыңдап, ұғып ал.<br>Апта деген ағайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі – Дүйсенбі,<br>Екіншісі – Сейсенбі,<br>Үшіншісі – Сәрсенбі,<br>Төртіншісі – Бейсенбі,<br>Жұма деген – Бесінші ұл,<br>Алтыншы ұл – Сенбі,<br>Жетіншісі – Жексенбі. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | Ойын«Адасқан сандар»<br>Мақсаты:<br>Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.Сөздік қорларын дамыту.(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі , математика негіздері) |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** «Жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру.<br>ҰІӘ барысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>Ойын жағдаяты. Әлия мен Сырым бірінші сыныпқа баруға дайындалады. Ата-аналары оларға жолдорба алып беріпті. Әлия мен Сырым жолдорбасының бірдей екенін білгісі келеді.<br>Педагог үстелге екі бірдей балалар жолдорбасын қойып, балаларға сұрақ қояды:<br>Мына жолдорбалар туралы не айта аласыңдар? Олар бірдей ме, немесе | | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** «Жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. / Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Түпкілікті жиын мен оның | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің ма ғынасы болатыны туралы түсінік қалып тастыру./Суреттерді өз сызбасы мен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. /25.10./<br>ҰІӘ барысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын айт» ойынымен бастайды.<br>– Балалар, мен сөздер айтамын, сендер мүдірместен және тез жалпы атауын атауларың<br>керек.<br>1.Үтік, шаңсорғыш, тоңазытқыш – ... (тұрмыстық құралдар)<br>2. Анар, Жанар, Фарида – ... (адам есімдері)<br>3. Тақия, орамал, тымақ – ... (баскиім)<br>4. Етік, бәтеңке, кроссовки – ... (аяққиім)<br>5. Дәптер, өшіргіш, сызғыш – ... (мектеп құралдары) | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөздерді буынға бөлуді үйрету.<br>ҰІӘ барысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Дидактикалық ойын: ≪Сөйлемдерді толықтыру≫.<br>Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді<br>буынға бөліп созып айтады.<br>– Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға)<br>– Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға)<br>– Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әртүрлі ме?<br>– Масса туралы не айтуға болады? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?<br>– Мұны түсіну үшін не істеу керек? Балалар жолдорбаның пішіні, өлшемі, түсі, материалы бойынша бірдей екенін айтады. Салмақ туралы болжамдар айтады. Балалар салмақты көзбен анықтау мүмкін емес, қолға алып, салыстыру керек деген қорытындыға келеді.<br>2.Негізгі кезең.<br>Педагог бірнеше балаларға жолдорбаларды қолдарына алып, (біреуі бос, екіншісі толтырылған, ауыр екені анық) тексеруді, сондай-ақ «қолында» анықталған екі заттың массаларын салыстыру нәтижелерін тексеру үшін екі табақшасы бар, ең қарапайым таразыларды қолдануды ұсынады.<br>Эксперименттік іс-әрекет Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды.<br>Педагог екінші жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады.<br>Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі.<br>Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді.<br>Балалар бақылап, қорытынды | | құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту /25.10/<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>«Қай сан жоғалды?» дидактикалық ойыны Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн).<br>Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады.<br>Ойын жағдаяты «Аспазшы». Әлия мен Сырым тақтада алжапқыш пен аспаз телпектерін «киеді».<br>Педагог балаларды кесілген жемістерді орналастыруға шақырады. Балалар жағдаятқа қызығушылық танытып, жұмысқа араласады.<br>Педагог қызғылтсары шеңберді алып екіге бөледі.<br>- Әлия апельсинді екіге бөлді. | Балаларды мақтап, мадақтау.<br>2. Негізгі бөлім<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дидактикалық ойын: ≪Сөйлемдерді толықтыру≫.<br>Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөздібуынға бөліп созып айтады.<br>– Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға)<br>– Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға)<br>– Ат тұяғындағы темір ... (та-ға)<br>– Қап-қара құс ... (қар-ға)<br>– Шегені қағатын ... (бал-ға)<br>– Ең үздік баға ...(бес)<br>– Білім алатын құрал ... (кі-тап)<br>– Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап).<br>Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс<br>жасайды.<br>Графикалық жұмыс.<br>Рефлексия__ Қорытынды.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қазақ тіліне тән «қ» дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. / Қазақ тіліне тән «ү» дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. /25.10/<br>ҰІӘ барысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>Ойын: «Дидактикалық ойын:<br>«Белгілі дыбысқа сөз таңда».<br>Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә»дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ»дыбысына; | Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік.<br>«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды.<br><br>Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.<br>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек.<br>Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал<br>Сергіту сәті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасайды.<br>-Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма?<br>Салмақ өлшемге байланысты емес<br>-Қалай тексеруге болады?<br>Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды.<br>Сергіту сәті.<br>«Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны.<br>Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с.<br>Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді.<br>Қорытынды.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Дауыссыз з-с дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету және сол дыбыстардың ұқсастығын түсіндіру.<br>ҰІӘ барысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>Буындарды айту. Са-зо-со, со-зу-зу-са, зұ-со-сұ-сұ, за-за-са, су-зу-су т.б..<br>Дидактикалық ойын:"Буынға буын қос". Мақсаты: басталған буынға буын | | Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)<br>- Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, не болады? (Бүтін апельсин болады. Барлығы біріктіреді).<br>Әлия апельсинді неше бөлікке бөлді? Қайсысы көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br>- Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (бөліктерді қосамыз).<br>Дәптермен жұмыс<br>Сергіту сәті:<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»<br>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.<br>**Рефлексия. Қорытынды.**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру | «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды ».Жұмбақ<br>Қалқиған екі құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады.<br>(Қоян)<br>Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>(Қонжық)<br>Аузы бейне шалғы,орақ,<br>Шөп емес,бірақ мал орады.<br>(Қасқыр)<br>-Қасқыр,қоян,қонжық деген сөздерде бірінші қай дыбыс естіліп тұр.<br>-Қ дыбысы<br>-Кәне, бәріміз Қ деп айтып көрейікші<br>- Қ Қ Қ қалай айтылып тұр?<br>-Қысқа кедергіге ұшырау арқылы айтылып тұр...<br>-Қ дыбысы дауыссыз дыбыс.<br>Қоян,қонжық,қасқыр сөздерің буынға бөлейік<br>Қо-ян,қас-қыр,қон-жық<br>Қаз ,қарлығаш,қарға, тоқыл дақ-құстар.Құстар адамға дос. Құс жұмыртқасын алма.Құстарға қамқорлық жаса.Қаз,қарлығаш,қарға,тоқылдақ деген сөздерде Қ дыбысы қай жерлерде кездеседі?Сөздің басында, ортасында,соңында кездеседі Сергіту сәті.<br>Дәптермен жұмыс. Қорытынды.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті**: Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру.(Ағаш және бұта) | Графикалық жұмыс.<br>Штрихта<br>Рефлексия.Қорытынды.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалай алуға үйрету. («Жақсы мен жаман.» Р.Тышқанбаев)<br>ҰІӘ барысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>Бейнефильм.<br>Ойын: «Жақсы деген немене? Жаман деген немене?»<br>Суретпен жұмыс.\Балаларға жақсы мен жаманның суретін көрсетіп,өз ойларын сұрау\.<br>Ойын: «Жақсы мен жаман»Шарты:Жақсы бала ақ шеңберге, жаман балалар қызыл шеңберге тұрады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Қорытынды.<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті:** Бөліктерден бейнелерді құрастыру.<br>**ҰІӘ барысы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосып, сөз құрастырып, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Дыбыстарды сөзде айту. а) Аз-ас, қыз-қыс, қаз-қас.<br>ә) Сөзді аяқта: ыды..., сегі..., қобы..., күмі..., тоғы..., жұлды..., жары... .<br>Сергіту сәті.<br>Ойын: «Дыбыстарды сөйлемде айту.»<br>Боямақ бояу.<br>Қорытынды бөлім. Рефлексия<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Тізені жоғары көтеріп жүру.<br>ҰІӘ барысы:<br>1.Кіріспе бөлім<br>2.Жалпы дамыту жаттығулары.<br>3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4«Әтеш» Тыныс алу жаттығуы.<br>Мұрынмен тыныс алып, дем шығару.<br>Допты лақтырып, қағып алуды үйрету.<br>Қимылды ойын:<br>Лақтырам, қағып ал.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:** Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру.(Ағаш және бұта)<br>ҰІӘ барысы:<br>Ұйымдастыру<br>Психдайындық<br>Ойын: «Ағаш және бұта».<br>Шарты:Сурет бойынша жұмыс.<br>«Сен білесің бе?» ойынын ойнап көрейікші.<br>Ойын шарты бойынша әрбір бала өсімдіктер туралы өз | | Ұйымдастыру.<br>Псих.дайындық<br>Негізгі бөлім.<br>Қорытынды.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айту<br>ҰІӘ б.арысы.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар.<br>Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо<br>С-З дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді.<br>Тілдің ұшы төменгі тістердің түбіне тиеді де, тіл ортасы сәл | **ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Психдайындық**<br>Ойын: «Ағаш және бұта».<br>Ойын: «Жануарлар».<br>Балалар, біз облысымызда мекендейтін жануарлар жайлы әңгімелейміз. Сендер Батыс Қазақстан облысында мекендейтін қандай жануарларды білесіңдер? Тәрбиеші: Дұрыс, біздің өңіріміздe мекендейтін жануарлардың сан–алуан түрі бар. Біздің өңірде жануарлардың бірнеше түрі кездеседі. Олардың ішінен жануарлардың 10 түрі қызыл кітапқа енген. (слайд көрсету)<br>Тәрбиеші: Кәне, балалар «Сен білесің бе?» ойынын ойнап көрейікші.<br>Ойын шарты бойынша әрбір бала жабайы аңдар туралы өз білімдерін ортаға салады.<br>Ойлан, тап!<br>Төбесіндебұтақ Алар екен кім ұстап.<br>Сайқымазаққулығыбар,<br>Барған жерде ұрлығы бар<br>Бұл қандай аң?<br>ұғып ал.<br>Сылдырданқорқады, Шошыны п жортады.<br>Сергіту сәті. Сурет бойынша жұмыс. Қорытынды.<br>**Музыка**<br>**Міндеті:**Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипатытуралы пікірін айту./ Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипатытуралы пікірін айту.<br>Ұйымдастыру<br>Псих дайындық<br>Негізгі болім | **Ұйымдастыру.**<br>**Псих.дайындық.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Қорытынды.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүруді, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып,әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.<br>**ҰІӘ барысы**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4«Әтеш» Тыныс алу жаттығуы.**<br>**Мұрынмен тыныс алып, дем шығару.**<br>**Допты лақтырып, қағып алуды үйрету.**<br>**Қимылды ойын:**<br>**Лақтырам, қағып ал.**<br>**5.Қорытынды бөлім** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін ортаға салады.<br>Сергіту сәті. Үлестірмелі материал бойынша жұмыс.<br>Қорытынды. | | дөнестіліп, екі жағы астыңғы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады. Жабық дауыс шымылдығының дірілінен з-дыбысы жасалады. Тіс-сәл ашық, з-ұяң, с-қатаң. Дауыссыз, көк үйде тұрады.<br>Дидактикалық ойын:"Буынға буын қос". Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Сергіту сәті.<br>Ойын: «Дыбыстарды сөйлемде айту.»<br>**Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Тізені жоғары көтеріп жүру.<br>ҰІӘ барысы:<br>1.Кіріспе бөлім<br>2.Жалпы дамыту жаттығулары.<br>3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4«Әтеш» Тыныс алу жаттығуы. | Ойын: «Лақтыр да,қағып ал»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br>Ән тыңдау.<br>Ән айту.<br>Музыкалық ырғақты қозғалыс.<br>Қорытынды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мұрынмен тыныс алып, дем шығару. Допты лақтырып, қағып алуды үйрету. Қимылды ойын: Лақтырам, қағып ал. Қорытынды бөлім. | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын  құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды  ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына  байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | Картотека №28 | | Картотека №28 | Картотека №29 | Картотека №29 |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін  итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Жаңылтпаштар айтқызу.<br>Атам бақ аралады,<br>Ағам тал аралады.<br>Асап көл жағалады,<br>Асыл ат тағалады.<br><br>Шырағым шұбат іш,<br>Шұбатты сұрап іш.<br>Шұбатты ішпесең,<br>Бітпейді бұла күш.<br>Айару,Айгерім | | Бала тілін дамыту.<br>"Сауысқан" (ел аузынан).<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>Әмина,Жансая | "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету.<br>Айару,Айгерім | "Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Нұрбақыт,Әмір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Кезек» ойыны<br>Ойын барысы :Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы, тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз.Қайтадан ары қарап тұруын сұраймыз, карточкалаардың орнын ауыыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз.(Сөйлеуді дамыту) | | Әңгімелесу:<br>Күз келді.<br>(Сөйлеуді дамыту) | «Қиял арқылы сөздерді есте сақтау» Ойын барысы :Балаларды логикалық байланысы жоқ сөздерді есте сақтауға үйретеміз. Сөздер: ағаш, үстел, буғыш, себет, тарақ, сабын, кірпі, өшіргіш, кітап, күн. Осы сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыру қажет.«Көз алдарыңда әдемі жасыл ағаш өсіп тұр деп елестетіңдер. Ол тақтаға қарай өсе бастады, тақтадан төмен қарай аяқтары түсті, сонымен үстел пайда болды. Үстелге жақындай қарадық, үстелдің үстінен төмен қарай аққан шалшық су көрдік. Ол үлкен өзенге айналды. Өзеннің ортасында ожау пайда болды, одан ол себетке айналып кетті. Одан кейін себет жағаға ұшып кетті. Оған жақындап себеттің бір жағын сындырсаңыз, тарақ пайда болды. Оны қолыңызға алып шашыңызды тарай бастадыңыз, содан кейін басыңызды сабынмен жудыңыз. Сабын көпіршіктері ағып, кірпідей үрпиіп шашың қалды. Сізге өте ыңғайсыз, буғышты алып шашыңызды жинадыңыз. Буғыш буғанға шыдамай үзіліп жерге түсті. Жерге түскенде төңкеріліп, кітапқа айналып кетті. Кітап бетін ашсаңыз оның ішінен көзіңізге шағылысып күн түсті.Алдымен балалар біздің құраған әңгімені елестетуге тырыссын, содан кейін өздері (басқа сөздерді пайдаланып) құрап бір-біріне айтып дағдылансын. | Ертегіні сахналау.<br>«Шалкам»<br>(Көркем әдебиет) |
| Балалардың үйге қайтуы. | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ/ сынып  -  0  «а» сынып.                    Балалардың жасы-   5-6 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 07 -11  қараша 2022 ж.**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің  балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату | | | | |
| | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту  **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың демалыс күндері қалай өткендігі туралы әңгіме | **Ата –аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата –аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше шағын суреттен мазмұны бір үлкен суретті құрастыруды үйрету; .. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **Құрылыс ойындары:** «Құрастырғыштардан үйшік жасаймыз» (Құрастыру) | **Фотосуреттер қарастыру:** «Қоңыр күз» тақырыбында сурет салу. | **Үстел үсті  театры:** «Жеті лақ» ертегісі. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (қоршаған ортамен танысу) |
| **Шаттық шеңбері** | Картотека  № 35-39 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Суреттер құрастыру».** Міндеттері. Балаларға бірнеше шағын суреттен мазмұны бір үлкен | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Балаларды тез | **"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Сөйлеуді | **Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап».** Міндеттері. Балалардың пішіндер туралы | **Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретті құрастыруды үйрету; әңгіме құрастыру, тіл байлығы мен ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>- Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту.<br>Сипаттама.Балалар жауап беруге тиіс сұрақтарды дайындау.<br>Мысалы:<br>* түрлі түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді (көбелек);<br>* көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді (пойыз);<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | түсініктерін кеңейту. Байқампаздық пен шапшаңдықты үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі.<br>Геометриялық пішіндерді қақ ортасынан бөлу.<br>Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**ҰІӘ барысы.**.<br>Ұйымдастыру.<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Апта деген атайдың неше баласы | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырат.<br>ҰІӘ барысы..<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>≪Буынға буын қос» дидактикалық ойын<br>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта | **Математика**<br>Міндеттері:Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі кезең.**<br>Дидактикалық ойын: «Не | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Сұрақ-жауап» ойыны.** | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру.<br>1. Ара, өрмекші, маса, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар еді? -Қане, жеті күнді кім атап береді? -Сендер мектепке қанша күн келесіңдер? -Қанша күн демаласыңдар?<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Шапалақ».**<br>**Шарты:**Балалар тәрбиешінің атаған цифрын көрсету керек.<br>«Логикалық сұрақ»<br>а) Табақта үш алма қолымда екі алма біреуін әжеме берейін, біреуін атама беремін екеуін беремін әкем пен шешеме нешеу қалады?<br>б\Қоянның неше құлағы бар?<br>**Ойын: «Қанша? Неше?»**<br>Шарты:балаларға арнайы суреттер беріледі.Суретте неше затты көрсе, цифрмен қыстырғыштын көмегімен көрсетулері керек.<br>**Ойын:** «Нешінші?»<br>**Шарты:** Тақтада берілген суреттермен жұмыс. Балалар тәрбиешінің «Нешінші боп тұр?» деген | білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады.<br>Жылдам<br>ойлап, келесі буынды табу.<br>Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.<br>Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).<br>Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қай-<br>шы, қа-лам, кі-тап.<br>Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады.<br>Сергіту сәті.<br>Графикалық жұмыс.<br>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.<br>Қорытынды.<br>Рефлексия. | артық?»Шарты:Суретте берілген заттардың ішінде артығын табу.<br>**«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.**<br>Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\«кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу<br>Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?<br>3 оқиға бейнеленген суреттер<br>Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.<br>Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болды.**Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»**<br>Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды.<br>**3.Рефлексия.**<br>**Көркем әдебиет** | 1) Дыбыстар деп нені айтамыз?<br>2) Дауысты дыбыстар деген қандай дыбыстар?<br>3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз?<br>4) Дауыссыз дыбыстар деген қандай дыбыстар?<br>5) Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>***«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны***<br>– Балалар, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз<br>ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>Гүл сөзіне дыбыстық талдау жасату**.**<br>**Сергіту сәті**<br>Қол ұстасып достасып,<br>Жүгіреміз жұптасып.<br>Достығымыз жарассын,<br>Бәрі бізге қарасын.<br>*Графикалық жұмыс.*<br>3. Штрихта.<br>Қорытынды. Рефлексия.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен | көбелек, аю. *(аю)*<br>2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>4. Колғап, үтік, шалбар, етік. *(үтік)*<br>– Балалар, біз бүгін үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйренеміз.<br>Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді.<br>1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек.<br>2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.<br>3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.<br>4. Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.<br>5. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек.<br>Педагог дыбыстық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
